



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРКІ

ӘЛЕМІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№2, 3 (ақпан-наурыз, 223-224) 2021 жыл

Меншікпен талданған таңу қыл.



Меншік иесі:
**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҰРЛЫБЕК

Газет 2000 жылдың шілдесінен айна
бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

*ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
көлісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г күшігі берілді.*

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:

Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:

Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:

Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕР-
ДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батые Түркиядағы өкілі (Грешя) Абдухалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының басшысы,
Керук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қолма
университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбул (Түркия)

қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басшысы жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@

yahoo.com Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ,
Жас газеті мен Костике радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail:

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ



Биылғы жылы Тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл толғалы отыр. Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын Ж.Молдағалиев ақын жырлағандай «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы ежелден бері қаншама өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салиқалы салт-дәстүрін сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіштік жігерінің,

асқақ рухының, мықтылығының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, гүн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі біз тарихта оқығандай ерекше орын алатын көтерілістер: Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінен бастап, қынадай қырылған 1930-1933, ел тізгінін ұстаған азаматтардан 1938 жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау дариядай кең далада өмір сүруі, тарих бетінен ұлт болып құрдымға кету қаупі төніп тұрған еді. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды мақсат еткен, елі үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген бабаларымыздың есімдері бүгінгі күні де тарихта қалды.

Қазақ халқы азаттық үшін талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сенді.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиеті де жетерлік тарихына айналды. Желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр сеуіп, біздің алға жылжуымызға ықпал етті. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздіктің таңын атырып, халқымызды қуанышқа бөледі.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Өмірге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанамыз, Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Ән-ұранымен айбатты. Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да темірдей берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты... Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен және ауызбіршілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, дүниежүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде. Еліміздің сан қилы тарих қойнауынан қол бұлғаған қанды қырғын мен небір зұлмат соғыстар, түрлі шайқастар мен қантөгістер, небір боздақтардың елі үшін жанын қиғаны – бір ғана мақсатты, бір ғана мүддені көздегені айқын көрініп тұр. Сан ғасырлар бойы келе жатқан халық арманы, үкілі тілегі – қазақ боп қалыптасқан тарих ізімен екшеліп, осынау уақыт аралығында ұлттық мақсаты айқындалған, қадір-қасиетімен астасқан ұраны бар тәуелсіз ел атану еді.

Ақыры кешегі «Желтоқсанның мұздағы алауының» қызуы елдің үмітін жағып, тәңір қолдап, қазағымның өз тәуелсіздігін алып берді. Мінеки, тәуелсіздікке оңай қол жеткізген жоқпыз. Қаншама боздақ аға-әпкелеріміздің қаны төгілді.

Бала да болсақ, Елбасының Үндеуін жас жүрегімізбен жақын қабылдауды дағдыға айналдырғанбыз. Оған қоса, ұстаздарымыз бен үйдегі ата-аналарымыз да ел өміріне қатысты барлық жаңалықтар мен мәнді ақпараттарды бізге дер кезінде жеткізуден жалыққан емес. Елбасының тәуелсіздік туралы толғауы, халық үшін жасайтын Жолдауы жайлы тебіренбей айтуға болмас. Өйткені Елбасы қайсыбір бөлімінде, бұл құжаттың әрбір тармағында еліміздің кемел келешегі үшін жасап жатқан еңбегінің ізін қалдырған.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай мына біздер Тәуелсіз еліміздің көк байрағын желбіретіп, өз ана тілімізде сөйлеп елімізге адал қызмет етуіміз керек. Өйткені, М.Жұмабаев ақын:

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін! деп зор сенім білдіріп кетті.

Әлемдегі бәсекеге қабілетті, озық елдердің қатарына қосылу үшін біз әрдайым алға ұмтыла береміз!

**ҚазҰУ-дың 1-курс студенті Батырхан Аружан
және мұғалімі Қайрақбаева Г.С.**